

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ



ҚМГ — құнды құру тізбегінің барлық кезеңдерінде толық интеграциялаған Қазақстанның мұнай-газ саласының үлттық көшбасшысы

Дәлелденген қорлардың
еселілігі (1Р)

16
жыл

бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компанияларының арасындағы орташа көрсеткіштен шамамен 11 жыл артық.

ҚОРЛАР

PRMS халықаралық стандарты бойынша дайындалған DeGolyer & MacNaughton халықаралық тәуелсіз консалтингтік компаниясының аудитіне сүйенсек, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ көмірсүттерінің дәлелденген ықтимал коры (2Р) 707 млн. тонна мұнай эквивалентіне тең (5 478 млн баррель м.э.). 2021 жылмен салыстырғанда қорлардың 2Р деңгейі 9%-ға есті. Көрсеткіштердің үлғаюы негізінен Қаламқас кен орынның көмірсүтек шикізатының қорларын қайта есептеп, көмірсүтек қорларын басқару бағытындағы кешенді іс-шаралармен, Қашаған кен орны үлесінің 8,44%-дан 16,88%-ға дейін үлғаюна (Компания 2022 жылғы 15 қыркүйекте «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК-дағы (бұдан әрі – «Қашаған Б.В.») 50% үлесін «Самұрық-Қазына» АҚ-тан сатып алды), сондай-ақ макроэкономикалық тенденцияларға (мұнай бағасының өсуі) байланысты.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

ҚМГ геологиялық барлау бағытында 2021 жылды бекітілген 2031 жылға дейінгі даму стратегиясын басшылыққа алады.

Даму стратегиясында «Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база» стратегиялық мақсаты көзделген. Осы мақсат аясында теңізде жеті, құрлықта жеті жоба бойынша барлау жүргізіліп, негізі жұмыс істеп тұрған кен орындары шегінде қосымша барлау көзделген. Жоспарланған геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша алынатын қор 2031 жылға дейін 299 млн тонна көлемінде өседі деп күтілуде. Қорды толыту коэффициентін 105% деңгейінде жеткізу жоспарда бар.

Орта мерзімді перспективада ҚМГ геологиялық барлау жұмыстарына салатын инвестицияны үлгайта береді. 2023 жылдан бастап 2030 жылға дейін геологиялық барлауға шамамен 900 млн АҚШ долларында инвестиция салу жоспарланған. Геологиялық барлау жұмыстарының жоспарланған көлемі сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуі қамтиды (5 мың шақырымнан астам және 2,4 мың шаршы шақырымнан астам алан).

Қазіргі кезде 56 барлау және бағалау үңғымаларын бұрғылау жоспарланған, соның ішінде:

- женіс, Қаратон, Торғай Палеозой, Тайсойған, Абай, Эл-Фараби барлау участкеріндегі алғашқы іздеу үңғымалары, кейіннен тәуелді бағалау үңғымаларын бұрғылау көзделген.
- жұмыс істеп тұрған кен орындарының корын қосымша барлап, толықтыру үшін 25-тен астам бағалау үңғымасы бұрғылау жоспарлануда.

299
млн тонна

2031 жылға дейін алынатын қордың өсімі

105
%

қорды толықтыру коэффициенті

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

PRMS бойынша таза қорлар¹

Көмірсүтек

млн тонна м.э. ▲ млн баррель м.э.

Дәлелденген (1Р)

486	2022	3 775
477	2021	3 694
459	2020	3 550

Дәлелденген + ықтимал (2Р)

707	2022	5 478
645	2021	4 983
635	2020	4 894

Дәлелденген + ықтимал + болжамды (3Р)

816	2022	6 294
761	2021	5 869
757	2020	5 832

¹ Нетто қорлар басқа тараптарға тиесілі барлық үлестерді шегергеннен кейін (1) ҚМГ қатысу үлесіне, (2) ҚМГ-ге тиесілі емес, бірақ ҚМГ бақылайтын үлестерге жататын барлық қорлардың бір бөлігі ретінде айқындалады.